

D МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ

ЖАҢА ФОРМАЦИЯ МҰҒАЛІМІ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

М.В.Ломоносовтың «Қазіргі кезде қайда қарасақ та, қайда көз жіберсек те көретініміз – химияның ғажайыптары» деген сөзі химия барлық уақытта адамзат өміріне толық араласқанын растайды.

Дегенмен, осы мәселенің екі жағы бар. Бірі – химиялық заттар арқылы адамның барлық қажеттіліктері қамтамасыз етілсе, екіншіден, қоғамда химияға үрке, қорқа қараушылық немесе хемофобия деп аталатын субъективті-эмоционалдық көзқарастың пайда болуы. Хемофобияны туындатып отырған жағдайлар: қоршаған ортаның ластануы, адамдардың химиялық заттарды дұрыс пайдалана білмеуі және т.б.

Химия, сонымен қатар, тамақ инженериясына да араласқан. Тағам – химиялық қосылыстар жиынтығы. Элементтік химиялық құрам тамақ өнімдеріндегі химиялық элементтердің мазмұнын көрсетеді. Мысалы, балықта 60-тан астам химиялық элемент (макроэлементтер және микроэлементтер) анықталған.

Молекулалық химиялық құрам тамақ өнімдеріндегі жекелеген химиялық қосылыстардың немесе онымен байланысты заттар топтарының мазмұнын көрсетеді. Молекулалық химиялық құрам туралы білім өнеркәсіптік шикізаттың құндылығын анықтау және оның балғындық дәрежесін анықтау үшін қолданылады.

Термоөңдеуде ақуыздар, көмірсулар және майлар, минералды заттар, дәрумендердің өзгеріске ұшырауын да химия түсіндіреді. Салауатты тамақтану саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларының бірі – тамақ өнімдері адам денсаулығына зиянын тигізбеуі керек. Бұл тұрғыдан да химияны пайдаға жаратуда білімділік және біліктілік қажет. Осы сауаттылықты мектеп табалдырығында жүргенде алу мүмкіндігі химия пәнінің мұғалімін дайындаудан басталады. Ал М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті химия пәні мұғалімдерін даярлайды. Мұнда химия білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға жағдай жасалған. Болашақ химия пәнінің мұғалімдерін даярлау оқушының іс-әрекетінің сипатына зейіннің шоғырлануын ескере отырып, дамытушы білім беру идеяларына негізделген.



М.Әуезов атындағы ОҚУ-де «Химия» кафедрасындағы білім алу процесінде қазіргі мектеп мұғалімі моделінің функционалды компоненттері қалыптастырады.

Университетте студенттерге академиялық ұтқырлық тұрғысынан республикалық оқу орындары мен алыс-жақын шетелдік оқу орындарында білім алмасу қарастырылған. Ғылыми-зерттеу үйірмелері, көңілді тапқырлар клубтары, студенттік көркем өнерпаздар және спорт үйірмелері студенттердің сабақтан бос уақытын тиімді өткізуге септігін тигізеді. Студенттерге әлеуметтік жағдай барынша жасалған. Ақылы негізде оқитын әлеуметтік жағдайы төмен және т.б. топтарға жататын студенттерге төлем ақысына 10%-дан 100%-ға дейінгі жеңілдіктер қарастырылған. Соңғы үлгідегі кітапхана, электронды оқу залы, ресурсты орталық, тегін интернет, акт залы, спорт залы, дәрігерлік кабинет, асхана, соңғы үлгіде салынған 5 қабатты заманауи жатақхана, міне, осылардың барлығы студенттерге алаңсыз білім алуға жағдай жасайды. Жоғары мектеп студенттеріне білім беру үшін университетке жыл сайын алыс-жақын шетел жоғары оқу орындарынан білікті мамандар шақырылып тұрады.

М.КАСИМОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ профессоры,
С.МУСАЕВА, доцент